



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

12. Приказ №1095 от 29.12.2015 года «Об утверждении Правил организации деятельности участковых инспекторов полиции, ответственных за организацию работы участкового пункта полиции, участковых инспекторов полиции и их помощников»

13. Приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 6 января 2015 года № 70б утверждении Инструкции по организации прокурорского надзора за соблюдением законности при исполнении наказаний, содержании лиц в специальных учреждениях и осуществлении контроля за освобожденными из мест лишения свободы

14. Исмагамбетов М.А. Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел Республики Казахстан: учебное пособие. - Астана, 2009.

УДК 343.4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМДАР САУДАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кульназарова Дина Ахметовна

Dina_kulnazarova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық құқық кафедрасының 2 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент Мұратханова М.Б.

Адамдар саудасы ежелден келе жатқан құбылыс, бірақ қазіргі кезде бұл қылмыстар біздің экономикалық-әлеуметтік ортаға еніп, қылмыстық сипатқа ие болды. 2000 жылы қарашада қабылданған трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылық туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясына сәйкес, адамдар саудасы халықаралық ұйымдасқан қылмыстылықтың негізгі бағыты болып табылады, адамдар саудасынан түскен пайданың мөлшері миллиард долларды құрайды, ол есірткі бизнесінен және қаруды сатқаннан түскен пайдаға теңестіріледі. Сол себептен адамдар саудасымен тиімді күрес жүргізу үшін трансұлттық тәсілдерді қолдану қажет, яғни халықаралық ынтымақтастық көмегімен ақпарат алмасып, мемлекеттер бір-біріне өзара құқықтық көмек көрсетулері тиіс. Сонда ғана біз адамдар және кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу мақсатына жете аламыз.

Адамдар саудасы – адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын өрескел бұзатын, трансұлттық қылмыс болып табылады. Адамдар саудасы – ол белгілі бір дәрежеде әрбір мемлекетте орын алатын, ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық тұрақсыздыққа қауіп төндіретін, халықтың өміріне шынайы қауіп туғызатын, бүкіл адамзаттың қиыншылығы. Адам және кәмелетке толмағандар саудасы қылмыстарының саны тек қана өсуде.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, адамның және бүкіл қоғамның ең басты құндылығы - еркіндік, ал адам және азаматтардың жеке бас бостандығының қолсұғылмаушылығын қамтамасыз ету мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Адамдар саудасы адам және азаматтардың конституциялық құқығын, яғни адам және азаматтардың жеке бас бостандығының қолсұғылмаушылығын өрескел бұзатын, халықаралық сипаттағы мәселеге айналды. Бүкіл әлемде шамамен 700.000-4.000.000 адам жыл сайын сатылады, сатып алынады және құлдыққа ұқсас жағдайларда еркінен тыс ұсталынады. Саудаға салынған тұлғалар туралы нақты көрсеткіштер жоқ, себебі бұл қылмыстар жоғары латентті қылмыстар қатарына жатады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының бірінші бабына сәйкес, барлық адамдар тумасынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді.[1] Адамдар саудасы адамның құқығын бұзатын, жеке адамға және мемлекетке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады.

Адамдар және кәмелетке толмағандар саудасымен заңсыз бас бостандығынан айыру, көші-қон заңнамасын бұзу, сексуалды және еңбек күшін пайдалану үшін адамдарды қанау қылмыстары қатар келеді. Біздің отандастарымызды шет елдерге сату туралы мәліметтер

жалпыға белгілі фактілерге айналды. Халықаралық көші-қон ұйымы Қазақстан Республикасында 2015 жылдан қаңтарынан 2016 жылдың қаңтарына дейін адамдар саудасының 458 оқиғасы тіркелгенін баяндайды. Мамандардың есептеулері бойынша жыл сайын Қазақстаннан шет елдерге 6 мыңнан 80 мыңға дейін адам тасымалданады.[2, с.158]

Халықаралық және ұлттық құқықта 2000 жылға дейін «адамдар саудасының» бірыңғай анықтамасы болған жоқ. Мысалы, «Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы» 02.12.1949 жылғы Конвенциясы, «Құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен әдет-ғұрыптарды жою туралы» 1956 жылдың 7 қыркүйегінде Женева қаласында қабылданған Конвенцияларда берілген анықтамалар көптеген күмән туғызды, яғни жоғары көрсетілген, заңды күші бар, орындалуға міндетті, құқықтық актілер адамдар саудасына анықтама бере алмады.[3, с.82]

Мамандар өз зерттеулерін жүргізу арқылы, адам саудасының 9 түрін анықтады. Олар:

- қоғамға жат әрекеттерге тарту үшін еңбекте қанау;
- әйелдер мен қыздарды жыныстық қанау мақсатында саудаға салу;
- қайыршылықпен айналысуға тарту;
- сурро гат ана болуға мәжбүрлеу үшін жас әйелдерді сату;
- дене мүшелері мен тіндерді трансплантациялау;
- қарулы қақтығыстарға пайдалану;
- жұмыс пен қызмет жасауға мәжбүрлеу мақсатымен некеге тұру, оның ішінде «пошта

арқылы қалыңдық іздеу» жүйесін ұйымдастыру және неке агенттіктерін пайдалану арқылы адам саудасын жүзеге асыру.

- заңсыз бала асырау арқылы кәмелетке толмағандарды сату;

бала туу мүмкіндігін қанау; [4, с.59]

Ғалымдармен қатар, мемлекет азаматтарының мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың тәсілдері дайындалуда.

БҰҰ бастамасымен 30 маусым күні «Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күні» деп жарияланған болатын. Жыл сайын адам саудасы тақырыбы бойынша түрлі дөңгелек үстелдер мен халықаралық конференциялар өтіп, қылмыстың бұл түрін болдырмауда баяндамалар жасалады.

Адамдар саудасының қозғаушы факторлары және негізгі себептері.

Адамдар саудасы қылмыстарының пайда болу себептерін және факторларын түсіну үшін, адамдар сауданың негізгі мақсатын анықтау керек. Адамдар саудасының ең басты мақсаты – тұлғаны белгілі бір жұмыспен айналысуға мәжбүрлеу.[5, с.226]

Адамдар саудасының келесі мақсаты – үй құлдығымен айналысуға мәжбүрлеу. Үй құлдығы мақсатындағы адамдар саудасының өзіне тән белгілері бар: жеке тұлға үшін жұмыс істеу және оған бағыну, төмен жалақы немесе оның болмауы, демалыссыз жұмыс істеу, психикалық немесе физикалық зорлық-зомбылық, еркін жүріп тұру бостандығын шектеу, жеке өмірдің мүмкін еместігі.

Адамдар саудасымен күрес саласындағы ұлттық заңнама

Адамдар саудасымен күрес саласында біздің мемлекетімізбен көптеген заңдар қабылданған, сонымен қатар түрлі бағдарламалар мен тұжырымдамалар әзірленді. Адамдар саудасымен күрестің ең басты элементі – тиімді заңнаманың әрекет етуі. ҚР-мен соңғы жылдары осы бағытта бірқатар шараларды жүзеге асырылды.

Нақтырақ айтқанда, 2006 жылы «Адамдар саудасымен күрес бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Бұл қадам ҚР-ның БҰҰ трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы Конвенцияға қол қойғанымен байланысты, себебі, бұл құжатқа қол қойған кезде, біздің мемлекетіміз өзіне адамдар саудасымен күрес бойынша белгілі бір халықаралық міндеттемелерді алды. 2006 жылы қабылданған заңға сәйкес, ҚК-тің бірнеше баптарына өзгертулер енгізілді.[6, с.226]

Сонымен қатар адамдар саудасына қарсы күрестің тиімділігін жоғарлатуды мақсатында келесі әрекеттер жасалынды:

–2012 жылы ҚР Еңбек Кодексіне жұмыскерлерді жалдау, жұмыс берушінің кәмелетке толмаған жұмыскерлер тізілімін жүргізу бойынша түзетулер енгізілді;

–2012 жылы «Адамдар саудасы үшін жауаптылықты көздейтін заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Жоғарғы Соттың №7 нормативтік қаулысы қабылданды;

–2013 жылы ҚК, ҚПК, ӘҚтК-тің адамдар саудасымен күрес бойынша баптарын жетілдіру мақсатында «Адамдар саудасымен күрес бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды;

–2014 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды, сол заңда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге уәкілетті органмен (ҚР ІІМ) көмек көрсету тәртібі көзделген.

2003 жылдан бастап Қазақстанда адам құқықтарын қорғау саласындағы көптеген Конвенциялар ратификацияланды, нәтижесінде 2014 жылы Республика Үкіметі Ведомствоаралық Комиссияға төрағалықты ротациялық негізде Ішкі істер министрлігі мен Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне алдын алу, қылмыстарды қудалау және адам саудасы құрбандарына көмек көрсету саласында ынтымақтастық мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу үшін тапсыру туралы шешім қабылданды.[7, с.14-15]

ҚР адамдар саудасымен күрес саласында бірнеше ведомствоаралық және үкіметаралық шарттарға қол қойды. Әсіресе, келесі мемлекеттермен: Чехия Республикасы (1999 жылы 14 маусым), ФГР Үкіметі (1996 жылы 11 қараша), Австрия үкіметі (2004 жылы 10 ақпан), Өзбекстан Республикасы (1999 жылы 31 қараша), Қырғызтан Республикасының Бас Прокуратурасы (2000 жылы 17 қазан). Литва Республикасының Үкіметі (2000 жылы 28 мамыр) және басқалармен.[8, с.89-90]

Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау мақсатында ҚР жаңа Қылмыстық Кодексінің 128 және 135 баптарын 1 және 2 тараудан адам мен азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар шоғырланған ҚК-нің 3 тарауына көшіруді ұсынамын.

Қылмыстық жауапкершілікті күшейту мақсатында адам және кәмелетке толмағандардың саудасымен байланысты қылмыстарды жасаған адамдарға ескіру мерзімін қолданбау. ҚР ҚК-нің 71-бабының 6-бөлігіне сәйкес, кейбір қылмыстар бойынша қылмыс жасаған адамға ескіру мерзімі қолданылмайды. Сол қылмыстардың қатарына адамдар саудасы қылмыстарын қосу керек, себебі, бұл қылмыстардың қауіптілігі сол баптағы басқа қылмыстарға қарағанда жоғарырақ.

Адамдар саудасының алдын алу

Адамдар саудасының тиімді алдын алу шараларын әзірлеу адамдар саудасымен күрестің ең маңызды элементі болып табылады.

Адамдар және кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу тәсілдері:

Ақпараттық кампаниялар. Ақпараттық кампанияны әзірлеу барысында ең бастысы әлеуметтік зерттеулердің қорытындыларын және қоғамдық пікірді ескеру керек. Жезөкшелік және адамдар саудасына арналған зерттеулер, қауіп-қатер тобын анықтауға көмектесті. Осы қауіп-қатер тобы қиын экономикалық жағдайға түскен, 13-30 жас аралығындағы қыздар мен әйелдер. Осы құбылыстың дамуына ықпал ететін факторлардың бірі – бұл қылмыс туралы ақпараттың жеткіліксіздігі. Қоғамдық пікірді және азаматтардың саналылығын анықтау мақсатымен жүргізілген зерттеулер көмегімен азаматтарға адамдар және кәмелетке толмағандар саудасы туралы қандай ақпарат хабарлау керектігі анықталды, сонымен қатар қоғамда теріске шығаруды қажет ететін жалған пікірлердің болуын дәлелдеді. Біріншіден, қоғам шетелде жұмыс табу үшін көбінесе достар, таныстар және туыстардың ұсыныстарына сүйенеді. Қоғам санасындағы тағы бір кемістіктің бірі жәбірленушілерге көрсетілетін көмек туралы ақпараттың болмауы. Адамдардың көбісі олардың таныстары

немесе туыстары саудагерлердің «қақпанына» түсетін жағдайда, оларға көмек көрсету үшін кімге жүгіну керек екендігін білмейді. Сеніп қалушылардың көбісі - кәмелетке толмағандар, сондықтан олар арасында ақпараттық бағдарламалардың рөлі ерекше. Кәмелетке толмағандарды адамдар саудасы бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында мектеп оқушылары мен студенттерге осы тақырыпқа қатысты озық семинарлар, дәрістер, сабақтар өткізуді жиілету, сонымен қатар халықты қамтамасыз ету орталықтарында адам саудасы мәселесімен айналысатын қоғамдық ұйымдардың шынайы мәліметтері көрсетілген ақпараттық бюллетеньдер, есте сақтау қағаздары басылымдар, буклеттер, плакаттар шығарылып, әзірленуі қажет, сонымен қатар шет елдердегі жәбірленушілерге көмек көрсететін ұйымдар туралы да ақпараттар таратылуы қажет, осы әрекеттердің басты мақсаты - халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру. [9, с.83]

Ақпараттық материалдар. Адамдар саудасы туралы ақпаратты тарату мақсатында кітапшалар әзірлеу: кітапшаларда әйелдер және балаларды шетелге сату мақсатында қалай алдап түсіретіндігі туралы фактілер келтірілу тиіс, адамдар саудасының жәбірленушілері тасымалданатын мемлекеттегі пайдалы телефондар (полиция қызметінің, жедел жәрдем) және мекен-жайлар келтірілу керек.

Оқыту курстары. Адамдар және кәмелетке толмағандар саудасының алдын алумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар қызметкерлеріне адамдар саудасы тақырыбы бойынша дәрістер, семинарлар, талқылаулар ұйымдастыру. Адамдар саудасының белгілері әдетте фрагменттік түрде көрінеді.

Халықаралық ынтымақтастық. Адамдар саудасының алдын алуда өте маңызды аспектілерінің бірі – өзара құқықтық көмек және халықаралық ынтымақтастық. Өзара құқықтық көмек дегеніміз мемлекеттердің қылмыстық тергеуде және соттық ізге түсуде формалды көмек алу бойынша процесс. Бұл қылмыстарда жәбірленушінің мәртебесін анықтау өте маңызды рөл атқарады. Жәбірленушілер бағынышты күйде жасалған құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жазадан босатылуы тиіс. Сонда ғана жәбірленушілер құқық қорғау органдарымен қарым-қатынастарға түсіп, қылмысты ашуға көмектесетін ақпарат бере алады. Адамдардың билік органдарына деген сенімділігін нығайту үшін тергеу барысында жәбірленушілердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс. [10, с.278]

«Біріккен Ұлттар Ұйымының деректеріне қарағанда 12 миллионға жуық адам әлі күнге дейін құлдық жағдайында өмір сүреді, ал халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, жыл сайын 5 миллионға жуық адам алдаудың құрбаны болып, тірі тауарға немесе пайдаланудың басқа түрлеріне айналуға.

Қазақстан Орталық Азиядағы көптеген республикалар секілді траффиктің құрбаны болған адамдарды әкететін және олардың транзитін жүргізетін ел болып отыр. Мамандардың пікірінше, елімізде адам сату құрбандарының жыл сайынғы саны 5 мыңға жуық адамды құрайды. Сондықтанда, адам сату еліміздегі өзекті проблемалардың бірі болып қала береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша адам сату — адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау», - дейді **Әулие көл аудандық Әділет басқармасы. [11] Бұл 2016 жылғы статистикалық мәлімет.**

Адамдар саудасы қоғамның көптеген салаларына (адам құқықтары, азаматтардың тең құқықтығы, ұлт денсаулығы, демография, ұйымдасқан қылмыстылық, заңсыз көші-қон) өз жағымсыз ықпалын тигізеді. Адамдар саудасымен күрес жүргізу қазіргі таңда әрбір мемлекет үшін өзекті мәселе болып табылатындығын айтуға болады. Бұл қылмыстармен күрес құқық қорғау, үкімет және жергілікті өзін-өзі басқару органдар жүйесінен алдын алудың кешенді шараларын орындауды қажет етеді. Әрбір мемлекет бұл құбылыстармен тиімді күрес жүргізуге тырысады. Осы кең тараған құбылыстармен күресу үшін, мемлекеттер бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, тәжірибе алмасу керек.

Адамдар саудасымен тек үкімет пен құқық қорғау органдарының күресуі жеткіліксіз, қоғамның әлеуеті мен ресурстарын тарту күрестің аса маңызды және тиімді құралы болып

табылады. Барлық мемлекеттер белгілі бір дәрежеде не бастапқы, не транзитті, не белгіленген мемлекеттер болғандықтан, барлық мемлекеттер осы құбылыспен күресуде бір-бірімен қарым-қатынаста болулары керек. Адамдар саудасына қарсы тиімді күрес жүргізу үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
2. Мусабеков А. О. Социологический анализ торговли людьми [Текст] / А. О. Мусабеков // Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу: республикалық ғылыми-тәжірибелік конф. мат. / Жауапты ред. Д.Л. Байдельдинов, Р.Е. Жансараева. - Алматы, 2010. - С. 158.
3. Сейдинов, Е. Ш. К вопросу определения понятия "торговля людьми" [Текст] / Е. Ш. Сейдинов // Сборник материалов научно-практической конференции по вопросам правоприменительной практики в области противодействия торговле людьми. Алматы, 2007. - С. 82.
4. Кожан Т. А. О незаконном вывозе и торговле людьми с целью их сексуальной, трудовой и иной эксплуатации [Текст] // Сборник материалов научно-практической конференции по вопросам правоприменительной практики в области противодействия торговле людьми. - №3 (52) 2011. - С. 59
5. Некоторые уголовно-правовые проблемы трафика людей [Текст] / Д.Н. Рамазанов // Концепция правовой политики Казахстана: реалии и перспективы (материалы науч.-практич. конф.). 2004. - С. 226
6. Саматова, Г. Б. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с торговлей людьми в Республике Казахстан [Текст] / Г. Б. Саматова // Сборник материалов научно-практической конференции по вопросам правоприменительной практики в области противодействия торговле людьми. - Алматы, 2015. - С. 76
7. Бекмагамбетов, А. Б. Актуальные вопросы построения оптимальной политики противодействия торговле людьми. Постановка проблемы [Текст] / А. Б. Бекмагамбетов // Правовая реформа в Казахстане. №3. 2014. - С. 14-15.
8. Шабатова, Т. М. Уголовно-правовые и криминологические проблемы торговли людьми [Текст] : Магистерская диссертация / Т.М. Шабатова; КазГЮУ ; КазГЮУ. - Астана, 2007. - С 89-90.
9. Скриванкова, К. Предупреждение торговли людьми [Текст] / К. Скриванкова // Сравнительное Конституционное обозрение. № 3(60).2007. - С. 83
10. Конысбекова, А. Т. Актуальные вопросы противодействия торговле людьми [Текст] / А. Т. Конысбекова // Вестник института законодательства Республики Казахстан. №1-2. 2013. - С. 278
11. <http://www.kst.adilet.gov.kz/ru/articles-inner/adam-satu-saudasy>

УДК 343.1

БҰЙРЫҚТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІ ИНСТИТУТЫ ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУДІҢ ЖАҢАШЫЛ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Махмуд Марьям Абдыжаппарқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – з.ғ.м., аға оқытушы Сеилханов Ж.Д

Қоғам қашан да қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғанысқа мұқтаж, ал осы қатынастардың реттеуші ретінде қорғанысты жүзеге асыратын – мемлекет. Мұндағы негізгі реттеуші құрал – қылмыстық құқық. Дегенмен, қылмыстық құқық жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қорғанысын өздігінен, қылмыстық-құқықтық нормаларды іске асырушы